

Қақпатас ауылдық округінің Беріктас ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қақпатас ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 11 мамырдағы № 19 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 маусымда № 3447 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 29 наурыздағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қақпатас ауылдық округі Беріктас ауылындағы Парк көшесінің атауы Жуалы көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қақпатас ауылдық округі әкімінің бас маманы Н. Рахимбаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

С. Естаев